

Кімге: “Жаңаарқа ауданының тұрғын -үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдар бөлімі ” ММ басшысы Аманжолов Ж.К

Автордың аты-жөні және лауазымы: Мажитова Айгерим Бекайдаровна, Жаңаарқа ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы

Күні: 30.04.2025ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Жаңаарқаның су құбырлары.

Кілт сөздер: кәріз тазалау, су құбыры ,ауыз су

Кіріспе

Су – адам өмірінің негізі. Тұрмыстық, өндірістік және ауыл шаруашылық қажеттіліктерді өтеу үшін су құбыры жүйесі маңызды рөл атқарады. Бұл жобада су құбыры жүйесінің құрылымы, маңызы, мәселелері мен оларды шешу жолдары талданады.

Негізгі бөлім:

Қазіргі таңда, Су құбырларының тозығы 69% құрап отыр.

Ауызсу құбырларын жөндеп, айырбастау жұмыстарын жүргізу үшін үлкен ауқымды көлемде проект жасалу қажет. Аудан бойынша 167 км негізгі құбыр бар. Соның 60 пайызы 70-ші жылдары салынған, жыл сайын осындай көшелердегі жиі жарылатын құбырларды жөндеуге, өтпелі жөндеу жұмыстарын жасауға қаржы 2-3 шақырымға ғана бөлінеді. Оны мемлекеттік сатып алу бойынша мердігер анықталып, жасалынады. Т.Игиликов, Н.Абдиров, Байгозы батыр, Байдалы би, Жамбыл, А.Оспанов көшелерінде асбест, шойын, темір құбырлар бар.

Көшелердегі су құбырының жөндеу жұмыстарын мекеме мамандары жүргізгенмен, құбыр ескі болуына байланысты жиі жарылуда.

Жыл басынан аудан және а/о бойынша 67 су құбыры жарылысы болып, дер кезінде жасалынып отырды.

Ауылдық округтер бойынша 29 рет су құбыры жарылды. Ынтымақ, Түгіскен, Байдалы би, Қараағаш, Ақтүбек, М.Жұмажанов, Ералиев.

2024 жылы атқарылған жұмыстар

Қызылжар кентінде өрт сөндіргіш (гидрант) крандарының түбі шіріп кету себебінен бірнеше рет жарылып дәнекерлеу арқылы стафкалары жаңартылды.

Судың қатты лайлығына байланысты, су сүзгілері бірнеше рет айырбасталынды.

Қызылжар кентінде сатып алу мемлекеттік бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен 26 млн қаржы бөлініп, су мұнарасын және істен шыққан 4 дана насос айырбасталынды.

Былтырғы жылы көктем кезінде Алихан су қоймасында орналасқан су сорғылары істен шығуына байланысты, 2 дана ЭЦВ насосы айырбастау жұмыстары жүргізілді, ондағы туындаған қиындықтар: жердің лай саз болуына байланысты техникалар жете алмай, насостарды жаяу тасымалдау, насостарды алып шығып айырбастау жұмыстары жүргізілді.

2024 жылы көптен шешімін таппай келе жатқан Алиханнан келетін ф400дік шойын құбырдың 2 шақырымы айырбасталып мердігер «Tuberia Construction» ЖШС. (Туберия Конструкшин) көптеген мәселені шешті, атап айтқанда 1000 текше метр Алихан су қоймасына су қорын жинауға мүмкіншілік туындады.

Қақпа клапанын реттеу арқылы Қарамола елді мекеніне бір қалыпты су беру мүмкіндігі туындады.

2024 жылы Алихан негізгі су қоймасына баратын ф400 мм құбырдың өзеннен өтетін 50 м жерін су шайып кетіп ашық қалған болатын. Бюджетте қаржының тапшылығына байланысты мекеме бұл жұмысты өз күшімен атқарды.

- Сарыарқа шағын ауданы мен Шоң Телғозы көшесі №70 үйдің аралығы – 400 метр, соммасы 8,9 млн.теңге; Мердігер «Дауа»ЖШС;

- А.Сейдімбек көшесі №53 үймен К.Абжанов көшесі №62 үйдің аралығы – 450 метр, соммасы 9,1 млн.теңге, Мердігер «Абдрахманов Н.Қ.»ЖК;

- С.Сейфуллин көшесі мен Сарыарқа шағын ауданы аралығы айырбасталды -1200 метр, мердігер «Tuberia Construction» ЖШС. (Туберия Конструкшин).

Жаңаарқа кентінің 2 шақырым негізгі су құбыры айырбасталды, мердігер «Tuberia Construction» ЖШС. (Туберия Конструкшин).

- Ералиев 22-24-25-23, Сарыарқа орамы көпқабатты үйлердің, Ертөстік балабақшасы ф120мм ескірген шойын құбырды айырбастады. Жаңа-нұр 7,8,15,17, үйлердің жер төлерінің ішкі және кәріз су құбырларының аралығын мемлекеттік сатып алумен мердігер жеке кәсіпкер Палджанов Ж.Б. айырбастау жұмыстарын жүргізді.

Ынтымақ ауылының су желісіне 3,4 млн.теңгеге мердігер «Жанбота» ЖК мен келісім шарт жасалып жұмыстар шілде айының аяғында басталады.

Кәріз жүйесі бойынша:

Мекемеге қарасты биологиялық кәріз тазалау станциясы, №1,2,3 кәріз суын қабылдау станциялары және 4 ПКНС бар. Кәріз желілерінің ұзындығы – 19,772 км.

Қазіргі таңда резервуарлар мен құбырлар тозған. Жылда жаңадан салынған көпқабатты үйлер қосылып келеді. А.Сейдімбек, А. Оспанова, С.Сейфуллин, Жамбыл, Абай, Ералиев, Сарыарқа орамы, А.Байбосынов, Жаңа-нұр, Ж.Дюсенов, Сәдуақасов, Сары-тока,Тәуелсіздік көшелерінің көпқабатты үйлері негізгі орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылған. Алдағы уақытта кент көлемі бойынша кәріз құбырларын жөндеп,

айырбастау жұмыстарын жүргізу үшін үлкен ауқымды көлемде проект жасалу қажет.

2024 жылдың қазан айында А.Сейдімбек көшесінің бойындағы Өркен дүкені мен Мәдениет үйі аралығындағы негізгі кәріз құбыры диаметрі 300 мм шойын құбыры бітеліп қалып, экскаватор тракторымен қазу жұмыстары жүргізіліп, диаметрі 300мм гофрлық құбырға айырбасталды.

Таза су мекемесінің өз қаражатымен соммасы 3 млн тенге жұмсалды.

Ай сайын көпқабатты үйлердің кәріз құдықтарын ассенизаторлық көлігімен тазалау, үру жұмыстары жүргізіліп отырылады.

Ауданымызда жер үйлердің кәріз құдықтарын тазалайтын 6 (алты) жеке меншік ассенизаторлық көлігі бар. Қазіргі таңда келісім –шарт жасалып, кәріз қалдығын құятын арнайы жер ПКНС қоршауы жасалынып, жұмыс істеуде.

Қыс айларында биологиялық кәріз тазалау станциясына қатынас өте қиын әр қар жауған сайын жолды басып қалып, қар тазалау жұмыстары жүргізіледі. Осының салдарынан мекеменің шығыны да көбеюде. Осы мәселені шешу үшін өзеннен өтетін тас өткел жасау қажет.



2025 жылы атқарылатын жұмыстар:

Облыстық бюджет көлеміне төмендегі көшелердің су құбырын айырбастауға сметалық құжаттамалар берілді. А. Даулетбеков, Б. Майлина, Тәуелсіздік, Жол бойы су каптаждық құдықтар аралығындағы трубалар мен насостарын айырбастау, әр көшедегі су құдықтарындағы қақпаларды айырбастау жұмыстары жүргізілмек.

Аудандық бюджеттен К. Абжанова 450ф 110 мм темір трубаны айырбастау жоспарлануда.

Мекеменің алға қойған мақсаты:

- Су құбырларының тозу пайызын төмендету;
- Су құбыры желілері жұмысының қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- Жаңаарқа ауданын сумен жабдықтаудың тұрақтылығын арттыру;

- Суды таратушы желілер арқылы беру қызметінің сапасын арттыру;
- Білікті мамандарды сақтап қалу және жаңа мамандарды тарту.

Кәріз жүйесінің құдықтары

- су құбырларының тозу пайызын төмендету
- су құбыры желілері жұмысының қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- Жаңаарқа ауданын сумен жабдықтаудың тұрақтылығын арттыру;
- суды таратушы желілер арқылы беру қызметінің сапасын арттыру;
- білікті мамандарды сақтап қалу және жаңа мамандарды тарту
- су құбырларының тозу пайызын төмендету
- су құбыры желілері жұмысының қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- Жаңаарқа ауданын сумен жабдықтаудың тұрақтылығын арттыру
- суды таратушы желілер арқылы беру қызметінің сапасын арттыру.
- білікті мамандарды сақтап қалу және жаңа мамандарды тарту

Халықаралық тәжірибе: Халықаралық тәжірибе тұрғысынан су құбыры (яғни ауызсу мен кәріз жүйелерін ұйымдастыру) мәселесі елдердің даму деңгейіне, климаттық жағдайларына және қалалық инфрақұрылымына байланысты әртүрлі жолдармен шешіледі. Төменде кейбір елдердің тәжірибелеріне шолу берілген:

1. Германия

- су жүйесі толығымен орталықтандырылған және жоғары технологиямен жабдықталған;
- су сапасы қатаң бақылауда ұсталады. Ішуге болатын су тікелей краннан алына береді;
- су үнемдеуді ынталандыру үшін тарифтік жүйе енгізілген: кім аз қолданса, аз төлейді;
- су қайта өңдеу және тазарту жүйелері өте дамыған.

7. Қорытынды

Су құбыры жүйесі — елдің әлеуметтік және экономикалық дамуы үшін аса маңызды инфрақұрылым. Бұл жүйені тиімді басқару арқылы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға болады. Уақытылы жөндеу, заманауи технологияларды енгізу және суды үнемді пайдалану – басты басымдықтар болуы керек.

Егер осы жобаны слайдқа немесе презентацияға айналдырғыңыз келсе, әр бөлімді жеке слайд етіп жасауға болады. Қажет болса, нақты аймақ бойынша да талдау жасап бере аламын — жай ғана қай өңірді қарастыратыныңызды

Су құбыры жүйесінің негізгі компоненттері:

- су көздері (жер асты сулары, өзендер, көлдер);
- су тазарту қондырғылары;
- сорғы станциялары.

Құбырлар желісі: резервуарлар мен сақтау қоймалары.

Шешу жолдары және ұсыныстар:

1. Жүйені жаңғырту және заманауи технологиялар енгізу;
2. Автоматтандырылған мониторинг жүйелерін орнату;
3. Қалдық суды қайта пайдалану жобаларын дамыту;
4. Мемлекеттік және жеке инвестицияларды тарту.